

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

## ЭСТОФОЛЬКЛОРТАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНЦЕПЦИЯСЫ ХАҚЫНДА (ұлттық әдеби-фольклорлық байланыс негізінде)\*

*Сағынадин Г.*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, PhD*

*Астана қ., Қазақстан*

*E-mail: [gulnaz86.08@mail.ru](mailto:gulnaz86.08@mail.ru)*

**Аннотация:** Эстофольклористика – одна из структурных областей интегративной фольклористики. Рассматривает перерисовку эстетических объектов в рамках словесного искусства. Широкий диапазон возможностей изучения фольклора как источника интегративной науки сегодня и динамика интегративных обоснований в словесном искусстве привели к формированию данного термина. Поэтому представление новой научно-методической концепции эстофольклористики национального уровня – одно из новаторских и актуальных синергетических исследований в соответствии с современными тенденциями в гуманитарной сфере. При этом следует обратить внимание на ряд актуальных вопросов: выявление и систематизация типов фольклоризма; рассмотрение фольклоризационного уровня литературных произведений. В том числе проблемным вопросом в национальном искусстве слова является раскрытие теоретической природы «обратной связи», построенной на соотношении «письменная литература – устная литература»; формулировка концепта «инициарная среда». Показать возможность соотнесения понятий инициарной креативно-авторской устной литературы с обсуждением зарубежного опыта; предложить инновационные пути обучения теории эстофольклористики на основе современных концепций образования.

**Ключевые слова:** фольклор, эстофольклористика, литература, литературоведение, интеграция

**Abstract:** Esth-folkloroistics is one of the structural branches of integrative folklore studies. It provides for the re-artistic reproduction of aesthetic objects within the framework of the art of speech. The wide range of research possibilities of folklore as a source of integrative science today and the dynamics of integrative justifications in the art of speech led to the formation of this term. Therefore, the presentation of a new scientific and methodological concept of national-level esth-folkloroistics studies will be one of the most innovative and relevant synergistic studies in accordance with modern trends in the humanitarian sphere. At the same time, attention should be paid to a number of topical issues: identification and systematization of types of folklorism; consideration of the level of folklorization of literary works. In particular, the problem of the National Art of speech is the disclosure of the theoretical nature of the "feedback" built on the relationship "written literature – oral literature"; the formulation of the concept of "initiator environment". To demonstrate the possibility of connecting the concepts of initiative creative – author's oral literature with the discussion of foreign experiences; to propose innovative ways of teaching the theory of esth-folkloroistics based on modern concepts of education.

**Key words:** folklore, esth-folkloroistics, literature, literary studies, integration

Бүгінде фольклортану саласы интегративті ғылым ретінде новаторлық концепцияларын кеңейтіп жатқаны аян. Жаңа ракурстағы көпсалалы әрі күрделі сипатын зерделеу – жаһандану жағдайындағы күрделі де келелі мәселелердің бірі. Жалпы, бүтіннің белесін бағындыру үшін алдымен, оның бөлшектерін бекем ету – басты қағидамыз. Сол үшін зерттеу көзіне интегративті фольклортанудың бір тармағы эстофольклортану саласы алынып отыр.

Эстофольклортану әдеби-фольклорлық ықпалдасу нәтижесіндегі әр текті материалдың идеялы-эстетикалық бірлігін зерттеуді көздейді. Әлемдік аренада жеке терминмен айшықталып, дербес сала ретінде дамуы оның зерттеу пәнінің заманауи сұраныстағы өзектілік динамикасын көрсетеді. Осы динамиканы ұлттық фольклортану аясында бағамдап, эстофольклортанудың теориялық принциптерін айқындаудың, сондай-ақ оны оқытудағы инновациялық тәсілдерін қарастырудың маңызы зор.

Сондықтан мақсат – қазіргі кезеңдегі фольклоризм және фольклоризацияның инновациялық мүмкіндіктерін зерделей отырып, ұлттық сөз өнері контекстінде эстофольклортанудың теориялық аспектілерін жүйелеу мәселесін қолға алу. Алынған ғылыми-теориялық концепцияларды оқытудың интегративті білім беру қағидаларына сәйкес жаңа парадигмаларын түзу.

Фольклор о бастан диалогтік болмысқа ие. Соған сәйкес фольклордың бүгінде интегративті ғылым көзі ретінде зерттеу мүмкіндіктерінің диапазоны кеңейіп жатыр. Оған дәлел – соңғы уақытта ғылыми талқыда жүрген эстофольклортану саласы. «Эстофольклортану» ұғымы – жаңа терминдердің бірі [1]. Беларус ғалымдары К.М.Ковалёва және О.В.Приемко алғаш болып бұл терминге ғылыми анықтама берген. Сөз өнері аясындағы эстетикалық нысандардың қайта көркем түлеуі – эстофольклортанудың зерттеу пәні болып табылады. Аталмыш терминнің қалыптасуы оның зерттеу нысанының заманауи өзектілігімен тікелей байланысты. Себебі қазіргі сөз өнерінде интегративті негіздемелердің динамикасы айтарлықтай көрінуде.

Идеялық-эстетикалық бірлік аясындағы әдеби-фольклорлық интеграцияның негізі фольклоризм және фольклоризация деген үдерістерден көрінеді. Егер әдебиет фольклорға жүгініп, одан көркемдік-эстетикалық қуат алатын болса, бұл – фольклоризм көрінісі. Керісінше, фольклор әдебиеттің ықпалымен өз форматын қалыптастырса, ол – фольклоризация үдерісі. Термин авторы – XIX ғ. француз фольклортанушысы Поль Себийо фольклоризмнің мағынасын фольклорды қолданудың түрлі формалары деп түсіндірген. Әлемдік деңгейде фольклоризм құбылысы өткен ғасырдан бастап қарқынды зерттелді. Фольклоризмнің ғылыми концепциясын анықтайтын әлемдік деңгейдегі бірегей тұжырымдар (М.К. Азадовский, Д.Н. Медриш, У.Б. Далгат, Д.С. Лихачёв, Н.И. Савушкина, М.А. Тычина, т.б.) бар. Дегенмен белгілі бір қаламгер тарапынан фольклорды қолданудың жеке мәселелеріне қатысты зерттеулер (Е.Я. Ленсу, І.П.Чыгрын, В.Т.Петров, т.б.) саны анағұрлым жоғары. Мәселен, «Русский фольклор» көпжылдық академиялық басылымның «Славянские литературы и фольклор» (1978) деп аталатын XVIII томындағы үздік мақалалардың басым көпшілігі бір автордың шығармашылығы аясында әдебиеттанушылық контекстегі фольклоризм көріністерін жан-жақты талқылауға арналған [2]. Ал жаңа ғасыр белесінде бұл мәселенің теориялық табиғатын зерттеуге күш салынып, іргелі еңбектер (К.М.Ковалёва, О.В.Приемко, В.Рогойша, т.б.) туындағанын аңғарамыз.

Отандық фольклортануда өткен ғасырда ізашар еңбектер болғанымен, әдеби-фольклорлық байланыс мәселесі ел тәуелсіздігі бекігеннен кейін қолға алына бастады. Ғалымдар З.Ахметов, С.Қирабаев, Қ.Мәшһүр-Жүсіп, С.Қасқабасов, Ш. Елеуқенов, т.б. тарапынан құнды ой-пікірлер айтылған. Жалпы, фольклор поэтикасының генезисінен бастап, мифтік ойлаудың көркем ойлауға ұласуындағы үдерістер жайындағы ғалым Зәки Ахметовтің тұжырымдары айрықша. Ғалым фольклор мен әдебиет тарихын бірлікте алып, оларды қазақ көркем сөз өнері тарихының өзара қиысқан екі бағдары деп біледі [3]. Әсіресе, ұлы Абай шығармашылығы мен фольклордың қарым-қатынасына біршама назар аударылды. Ғалым Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінде, ғалым Р.Бердібайдың «Кәусар бұлақ» кітабына енген «Абай және ауыз әдебиеті» мақаласында, С.Қасқабасовтың «Абай және фольклор» атты еңбектерінде бұл тақырыпқа арнайы көңіл бөлінді. Өзге де жекелеген ақын-жазушылар шығармаларында фольклорлық, мифопоэтикалық көріністерді талдайтын зерттеу жұмыстары (Қ.Байтанасова, Ж.Аймұхамбет, т.б.) жазылды. 2011 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының зерттеу жобасының аясында «Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті» еңбегі жарық көрді. Бұл еңбек – тәуелсіздік тұсындағы, яғни XX-XXI ғасырлар тоғысындағы әдебиет негізінде фольклор мен әдебиеттің байланысын талдап, аталған мәселеге жаңа серпін әкелді [4]. Әсіресе, фольклортанушы-ғалым, академик С. Қасқабасов талдау материалдары негізінде әдеби-фольклорлық байланыс түрлерін ашып көрсетеді. Осы ретте ғалым кері байланыс деген түрді атайды. Ол дәстүрлі фольклорға қатысты емес, жазба әдебиет пен авторлық ауыз әдебиетінің арасындағы қатынас деп есептейді де, «арнайы қарастыруға лайықты мәселе» деген тұжырыммен қайырады [4. 46-47].

Бұл жердегі «кері байланыс» фольклоризация мәселесіне қатысты екенін аңғарамыз. Сондай-ақ ғалым ұлттық әдебиеттану, фольклортану тараптарынан бұған қатысты концептуалды еңбектің жоқтығын меңзеп, алдағы күн тәртібіндегі шешілуі тиіс өзекті проблема екенін ұғындырады.

Міне, әдебиет пен фольклор арақатынасының теориялық, методологиялық және типологиялық мәселелері бойынша бүгінгі күн талабына сәйкес арнайы зерттеу еңбектері әлі де қажет екенін көреміз. Әрине, жекелеген авторлық шығармашылыққа арналған көптеген зерттеу жұмыстары фольклоризмнің не екенін анықтап берді. Бірақ әдеби фольклоризмнің типтері, жеке түрлері қандай деген сауалға нақты жауап жоқ. Ал фольклоризация үдерісі толықтай қолға алып, терең зерделеудің концептуалды жүйесін талап етіп отыр. Академик С.Қасқабасов жалпы әдеби-фольклорлық байланыстың түрлерін көрсетті. Дегенмен, мұнда ғалымның ірі проблематика саласына бағдар беру ұстанымы басымырақ. Сондықтан да осы бағдарды бетке алып, фольклоризм типологиясы, әдеби шығармалардың фольклоризациялық деңгейі, «инициарлы орта» концептісі, эстофольклортану теориясын оқытудың инновациялық жолдары сияқты түйткілді мәселелерді шешу – бүгінгі күннің өзекті мәселелері.

Зерттеудің басты назары – фольклорды пайдаланудың сандық көрсеткіштерінде емес, интеграциялық үдерістердің сын-сипатында болатыны анық. Ендеше бұл әдебиеттану және фольклортану ғылымдарының бүгінгі күн сұранысына сәйкес дамуына әсер етіп, пәнаралық байланыс әлеуетін көрсетеді. Мұндай жаңашыл бағыттар жалпы гуманитарлық саладағы синергетикалық зерттеудің де айқын мысалы бола алады. Бұл орайда көпшілік санада әлі де болса синоним боп сақтаулы тұрған «фольклор» және «ауыз әдебиеті» ұғымдарының дифференциациясын тағы бір мәрте ғылыми айқындау мүмкіндігі зор. Жалпы, бұл дифференциацияны сөз еткенде халықаралық масштабтағы мына бір мәселені атауға тиіспіз. Шетелдік тәжірибеде әдеби-фольклорлық ықпалдастықты фольклор, әдебиет және инициарлы шығармашылық арасындағы интегративті байланыстың типологиясы арқылы қарастыру идеясы бар. Байқағанымыздай, сөз өнерін құрайтын идеялық-эстетикалық тұтастықтың бір бөлшегі ретінде «инициарлы шығармашылық» категориясы алынады [5]. Мұндай шетелдік тәжірибені зерделейтін болсақ, «инициарлы шығармашылық» ұғымы фольклорға да, әдебиетке де жатпайтын «бейсаналылықтан» туындайтын интенция көрініс ретінде алынады. «Инициарлы орта» көбінесе бұқара ішінен суырылып шыққан әуесқойлардың инициативті шығармашылығымен толығып отырады. Ол дәстүрлі үлгілерді қолданумен қатар жаңаша бірегей туынды жасау арқылы фольклорға немесе әдебиетке жол бастауы мүмкін. Мұндай категорияның сипаты хақында Ю.Лотман, С.Лем, К.Малевич, т.б. ғалымдар тарапынан жүйелі ой-пікірлер болған. Соңғы ізденістер ішінде Л.Костюковец, Р.Ковалева, т.б. ғалымдар еңбектерін атауға болады.

Ұлттық сөз өнерінің негізі фольклор, авторлық ауыз әдебиеті, әдебиет триадасынан құралатынын білеміз. Жыраулар мен сал-серілер поэзиясы – авторлық ауызша әдебиет ретінде өз ғылыми концепцияларын айқындап үлгерді. Яғни, ауыз әдебиеті – фольклордан бастау алып, әдебиетке ұласқан категория сипатына ие. Бұл ретте кезінде фольклорлық шығарма контексінде қаралған халық ақындары туындыларын да айтуға болады. Бұларда фольклорға тән белгілер басым, сонымен қатар әдебиетке лайық жан-жақты авторлық позициясы да айқын. Ендеше батыстық ғалымдар тарапынан енген «инициарлы шығармашылық» терминімен ұлттық танымдағы «ауыз әдебиеті» ұғымы қаншалықты өзара байланыс орната алады? Әлде екі бөлек түсініктегі ұғымдар ма? Осындай түйткілді теориялық проблемаларды сараптау мұндай зерттеу ісінің жаңашылдығымен қатар маңыздылығын да көрсетеді.

Эстофольклортанудың әдістемелік концепциясы отандық білім беру саласындағы басымдықтардың концептуалды принциптеріне жауап бере алады. Мемлекетіміздің жаңа гуманитарлық білім беру стратегиясын іске асырудың да көрсеткіші болмақ. Мәселен, әдеби-фольклорлық байланысты тың бағытта таныту мен оқыту, оның жаңа амал-тәсілдерін табу қазіргі оқу үдерісіне өте қажет. Себебі ғылымдағы бетбұрыстардың бүгінгі деңгейі оқу мен

оқыту дәрежесіне заманауи талғам мен талап міндеттерін жүктеп отыр. Бұл міндеттер «Қазақ фольклоры», «Фольклортану» пәндерін меңгертуде ғана емес, жоғары оқу орындарының қазіргі білім беру бағдарламаларындағы «Бүгінгі әдебиеттегі фольклоризм» пәнін оқытуда аса қажет. Әдеби-фольклорлық байланысқа негізделген мұндай дербес пәнді оқыту жолдарымен қатар оқытуға негіз болатын оқу құралы тіпті де керек. Бұл оқу үдерісі кезіндегі өз тәжірибемізден айқын көрінді. Жалпы, пәнге арналған теориялық база болғанымен, нақты оқу құралдары жоқ. Оқу-әдістемелік тұрғыда жан-жақты қамтылған пән – оқу үдерісімен қатар білім беру бағдарламасы дәрежесінің тікелей көрсеткіші. Ал, білім беру бағдарламасының сапасы мен өзектілігі бүгінгі күні жоғары оқу орындарының сұраныстағы рейтингісін құрап, бәсекеге қабілеттілік деңгейіне бірден-бір талап болып отыр.

Қорыта айтсақ, отандық ғылымға әдеби-фольклорлық байланыстың теориялық, методологиялық және типологиялық мәселелері бойынша бүгінгі күн талабына сәйкес арнайы зерттеу еңбектері әлі де қажет. Әрине, жекелеген авторлық шығармашылыққа арналған көптеген зерттеу жұмыстары фольклоризмнің не екенін анықтап берді. Бірақ әдеби фольклоризмнің типтері, жеке түрлері қандай деген сауалға нақты жауап жоқ. Ал фольклоризация үдерісі толықтай қолға алып, терең зерделеудің концептуалды жүйесін талап етіп отыр. Идеялық-эстетикалық бірліктегі мұндай интеграциялық үдерістерді эстофольклортану контексінде негіздеу және оны меңгертудің инновациялық амалдарын көрсету – бүгінгі ғылыми қажеттілік пен сұраныстың негізі болмақ.

*\*Ғылыми мақала 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша АР1487700415 – «Алаш кезеңі әдебиеті: интегративті фольклортану контексі және жаңа ғылыми парадигма» жобасын іске асыру аясында дайындалды.*

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Ковалева Р. Концепция интегративной фольклористики. <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/208197/1/207-213.pdf>
- 2 Русский фольклор. Том 18: Славянские литературы и фольклор / Отв. ред. А. А. Горелов. – Ленинград: Наука, 1978. – 210 с.
- 3 Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2002. – 172 б.
- 4 Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2011. – 480 б.
- 5 Традиционные и новые подходы к изучению литературы и фольклора. Учебная программа учреждения высшего образования второй ступени (магистратура) по учебной дисциплине для специальности: 1-21 80 10 Литературоведение. – Минск: БГУ, 2018. – 21 с.